Әділет

# Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 2902 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 199 қаулысымен

РҚАО ескертпесі:

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Орысша тіліндегі мәтінінде 3-тармақтағы "календарьных" деген сөз "календарных" деген сөзбен ауыстырылды - Атырау облысы әкімдігінің 20.03.2015 № 84 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 03.07.2015 № 199 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 16–бабының 3-тармағына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Ж. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 118 "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, жергілікті атқарушы органдар дене шынықтыру және спорт саласында көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" қаулысының қолданысқа енгізілуінен бұрын емес.

*Облыс әкімі Б. Ізмұхамбетов*

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 қаулысына 1-қосымша
Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 қаулысымен бекітілген

## "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – спорттық атақ беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 ақпандағы № 118 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, жергілікті атқарушы органдар дене шынықтыру және спорт саласында көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" мемлекеттік қызмет көрсету Стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш немесе 9-тармағының 1) тармақшасымен белгіленген құжаттар болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері ХҚО хат тасушысынан Стандарттың 9-тармағында белгіленген құжаттарды қабылдайды және келіп түскен құжаттарды тіркейді, 30 минут ішінде бұрыштама қою үшін басшыға береді;

2) басшы келіп түскен құжаттармен танысады және 30 минут ішінде орындау үшін маманға жолдайды;

3) маман келіп түскен құжаттарды қарайды, мемлекеттік қызмет нәтижесін дайындайды және 29 күнтізбелік күн ішінде қол қою үшін басшыға жолдайды;

4) басшы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды және 30 минут ішінде кеңсеге жолдайды;

5) кеңсе қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін ХҚО хат тасушысына бір жұмыс күні ішінде береді.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесіне келесі құрылымдық–функционалдық бірліктер тартылады (бұдан әрі – ҚФБ): кеңсе қызметкері; басшы; маман.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету бойынша рәсімдер (іс-қимыл) кезектілігінің сипаттамасы осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету бойынша қадамдық әрекеттер мен шешім (ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы Регламенттің 2 –қосымшасында көрсетілген):

1) 1-процесс – ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдайды, құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, оларды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

2) 2-процесс – егер құжаттар толық болса, ХҚО қызметкері өтінішті тіркейді, көрсетілген қызметті алушыға қолхат береді;

3) 3-процесс – ХҚО қызметкері қабылданған құжаттарды ХҚО-ның жинақтаушы секторына береді және мәліметтерді ХҚО ақпараттық жүйесіне енгізеді;

4) 4-процесс – жинақтаушы сектор құжаттарды жинайды, тізілім жасақтайды және бір жұмыс күні ішінде құжаттарды ХҚО хат тасушысы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды;

5) 5-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің әрбір рәсімінің (іс-әрекетінің) мазмұны осы Регламенттің 5-тармағында келтірілген;

6) 6-процесс – ХҚО ақпаратты жинау секторының қызметкері сканерлік штрих-кодтың көмегімен көрсетілетін қызметті берушіден алынған құжаттарды ХҚО ақпараттық жүйесінде белгілейді;

ХҚО дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін сол күні инспекторға жолдайды.

7) 7-процесс - дайын құжаттарды беретін қызметкер көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді. Көрсетілетін қызметті алушы қызмет нәтижесін алуға келмеген жағдайда ХҚО бір ай ішінде қызмет нәтижесін ХҚО мұрағатына жолдайды.

9. Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген;

Ескерту. Регламент 9-тармақпен толықтырылды - Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімдер (іс-қимыл) кезектілігін сипаттау




"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

# ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті кезіндегі функционалдық өзара іс қимыл диаграммасы




## Шартты белгілер кестесі

| | |
|---|---|
|  | Бастапқы хабарлама |
|  | Қате |
|  | Ақпараттық жүйе |
|  | Процесс |
|  | Басқару ағыны |
|  | Соңғы тұтынушыға берілетін құжат |

"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

## "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі" спорттық разрядтары мен санаттарын беру" Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Ескерту. Регламент 3-қосымшамен толықтырылды - Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).




- мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

- мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (іс-әрекетінің) атауы;

- келесі рәсімге (іс-әрекетке көшу).

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 қаулысына 2-қосымша
Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 80 қаулысымен бекітілген

**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын**

**беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**
**Жалпы ережелер**

1. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Атырау қалалық және аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімдерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ( бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – спорттық атақ беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету бойынша рәсімдерді ( іс-қимылды) бастау үшін негіз болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 ақпандағы № 118 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, жергілікті атқарушы органдар дене шынықтыру және спорт саласында көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер еңгізу туралы" мемлекеттік қызмет көрсету Стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш немесе 9-тармағының 1) тармақшасымен белгіленген құжаттар болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері ХҚО хат тасушысынан Стандарттың 9-тармағында белгіленген құжаттарды қабылдайды және келіп түскен құжаттарды тіркейді, 30 минут ішінде бұрыштама қою үшін басшыға береді;

2) басшы келіп түскен құжаттармен танысады және 30 минут ішінде орындау үшін маманға жолдайды;

3) маман келіп түскен құжаттарды қарайды, мемлекеттік қызмет нәтижесін дайындайды және 29 күнтізбелік күн ішінде қол қою үшін басшыға жолдайды;

4) басшы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды және 30 минут ішінде кеңсеге жолдайды;

5) кеңсе қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін ХҚО хат тасушысына бір жұмыс күні ішінде береді.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесіне келесі құрылымдық–функционалдық бірліктер тартылады (бұдан әрі – ҚФБ):

кеңсе қызметкері;

басшы;

маман.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету бойынша рәсімдер (іс-қимыл) кезектілігінің сипаттамасы осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету бойынша қадамдық әрекеттер мен шешім (ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы Регламенттің 2 –қосымшасында көрсетілген):

1) 1-процесс – ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан Стандарттың

9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдайды, құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, оларды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

2) 2-процесс – егер құжаттар толық болса, ХҚО қызметкері өтінішті тіркейді, көрсетілген қызметті алушыға қолхат береді;

3) 3-процесс – ХҚО қызметкері қабылданған құжаттарды ХҚО-ның жинақтаушы секторына береді және мәліметтерді ХҚО ақпараттық жүйесіне енгізеді;

4) 4-процесс – жинақтаушы сектор құжаттарды жинайды, тізілім жасақтайды және бір жұмыс күні ішінде құжаттарды ХҚО хат тасушысы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды;

5) 5-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің әрбір рәсімінің (іс-әрекетінің) мазмұны осы Регламенттің 5-тармағында келтірілген;

6) 6-процесс – ХҚО ақпаратты жинау секторының қызметкері сканерлік штрих-кодтың көмегімен көрсетілетін қызметті берушіден алынған құжаттарды ХҚО ақпараттық жүйесінде белгілейді;

ХҚО дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін сол күні инспекторға жолдайды.

7) 7-процесс - дайын құжаттарды беретін қызметкер көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді. Көрсетілетін қызметті алушы қызмет нәтижесін алуға келмеген жағдайда ХҚО бір ай ішінде қызмет нәтижесін ХҚО мұрағатына жолдайды.

9. Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген;

Ескерту. Регламент 9-тармақпен толықтырылды - Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар,
біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі
жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-

спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын
беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімдер (іс-қимыл) кезектілігін сипаттау




"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар,
біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі
жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-
спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын
беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті кезіндегі функционалдық өзара іс қимыл диаграммасы




## Шартты белгілер кестесі

| | |
|---|---|
|  | Бастапқы хабарлама |
|  | Қате |
|  | Ақпараттық жүйе |
|  | Процесс |
| | Басқару ағыны |
|  | Соңғы тұтынушыға берілетін құжат |

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші,
екінші және үшінші жасөспірімдік
разрядтар,
біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі
екінші
санатты жаттықтырушы, біліктілігі
жоғары
деңгейдегі екінші санатты
нұсқаушы-спортшы,
біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі
екінші
санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық
разрядтары мен санаттарын беру"
мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

**"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**

Ескерту. Регламент 3-қосымшамен толықтырылды - Атырау облысы әкімдігінің 29.08.2014 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).






- мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

- мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (іс-әрекетінің) атауы;

- келесі рәсімге (іс-әрекетке көшу).

- таңдау нұсқасы;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК